

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы сатып алулардың электрондық платформасының жұмыс істеу қағидалары бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қыркүйекте № 36864 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-11-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы сатып алулардың электрондық платформасының жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Цифрлық трансформация департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2025 жылғы 15 қыркүйектегі

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы сатып алулардың электрондық платформасының жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сатып алулардың электрондық платформасының жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-11-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде электрондық сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ "толық аяқталған" құрылыс шартына отыруға арналған қол жеткізу нүктесін қамтамасыз ету бойынша электрондық қызметтерді ұсынатын, жобаларды іріктеу мен мониторингтеуді жүзеге асыратын ақпараттық жүйенің жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1. тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ұлттық жобаның техникалық операторы (бұдан әрі техникалық оператор) – энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы бар заңды тұлға;

2. энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберіндегі сатып алулардың электрондық платформасы (бұдан әрі – Электрондық платформа) – энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде электрондық сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ "толық аяқталған" құрылыс шартына отыруға арналған қолжетімділік нүктесін ұсынатын және жобаларды іріктеу мен мониторингтеуді жүзеге асыратын ақпараттық жүйе;

3. құжаттың электрондық көшірмесі – түпнұсқа құжаттың сыртқы түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық түрде толықтай қайта жаңғыртатын нұсқасы;

4. электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық түрде ұсынылып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат;

5. электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық құжаттың шынайылығын, тиістілігін және мазмұнының өзгермегендігін растайтын, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

6. жоба – энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мен салу жобасы, ол энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру аясында жүзеге асырылады;

7. Электрондық платформаның пайдаланушылары – Электрондық платформаның әкімшісі, өтінім беруші, уәкілетті тұлғалар;

8. өтінім беруші – табиғи монополия субъектісі, әлеуетті жеткізуші немесе жеткізуші;

9. уәкілетті тұлғалар – Техникалық және Қаржылық операторлар, Тарифтік реттеуші, тиісті салалардағы мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар.

3. Электрондық платформа энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде қолданылатын мынадай процестерді автоматтандыру үшін пайдаланылады:

1) жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылау;

2) жобалар бойынша қарыздар жөніндегі сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қаржыландыру және (немесе) субсидиялау тетігін айқындау;

3) шарттар жасасу, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде шарттар жасасу;

4) табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар бойынша, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау; қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу және Қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу қағидаларына сәйкес офтейк-келісімшарттар жасасу және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде офтейк-келісімшарттар жасасу;

5) қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу және оффтейк-шарттарды жасасу;

6) жоғарыда көрсетілген үдерістер бойынша есептер мен талдамалық ақпаратты қалыптастыру.

2-тарау. Электрондық платформа процестерін ұйымдастыру

4. Электрондық платформа процестердің ашықтығын, жеделдігін және дәйектілігін, деректердің құпиялылығын және сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Электрондық платформаны пайдалану үшін пайдаланушылар тіркеу рәсімінен өтеді.

6. Өтініш берушілерді тіркеу мынадай шарттарды қабылдауды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) дербес деректерді, банктік және коммерциялық құпияларды қоса алғанда, қолжетімділігі шектеулі ақпаратты жинауға және өңдеуге келісім беру;

2) дәйекті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну жөніндегі міндеттемелер.

7. Уәкілетті тұлғаларды тіркеу жауапты тұлғаларды тағайындаумен және оларға Электрондық платформамен жұмыс процесінде алынған ақпаратты таратпау бойынша міндеттемелерді жүктеумен жүзеге асырылады.

8. Пайдаланушыларды Электрондық платформада тіркеу кезінде тиісті кіру құқықтары бар есептік жазба жасалады:

1) өтініш берушілер үшін - өтінімдерді қалыптастыру және беру, растайтын құжаттарды ұсыну және жеке кабинетке кіру үшін;

2) уәкілетті тұлғалар үшін - өтінімдерді келісу және қарау, өтініш берушілерге хабарламалар жіберу, жобаларды іске асыру мониторингі үшін.

9. Электрондық платформаның пайдаланушыларының тіркелгі жазбалары жойылуға жатпайды. Электрондық платформа пайдаланушысының өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда Электрондық платформаның әкімшісі оның тіркелгі жазбасының қолданылуын тоқтатады және соған байланысты хабарлама жібереді.

10. Электрондық платформадағы кез келген әрекетті пайдаланушы ЭЦҚ арқылы растайды.

11. Пайдаланушылардың мекенжайына Электрондық платформа арқылы жіберілетін хабарламалар платформаны пайдаланушылардың жеке кабинетінде көрсетіледі.

12. Электрондық платформада пайдаланушылар ұсынатын құжаттар мен мәліметтер электрондық құжаттар не құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде орналастырылады.

13. Деректермен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Электрондық платформа мемлекеттік тізілімдерді, салалық дерекқорларды және уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, ақпараттық жүйелермен интеграцияланады.

14. Электрондық платформаны пайдаланушыларға оны пайдалану (қол жеткізу) бойынша қызметтер ақысыз көрсетіледі.

15. Пайдаланушылардың барлық өтінімдері бірегей сәйкестендіру нөмірі беріліп тіркелуге жатады және өтінімді тіркеу туралы автоматты растау жолданады.

16. Құжаттарды жасау, алу және жөнелту күні мен уақыты туралы барлық ақпарат Астана қаласының жергілікті уақыты бойынша тіркеледі.

17. Электрондық платформаның әкімшісі Электрондық платформаның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта міндеттері Электрондық платформаның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ техникалық іркілістерге жедел ден қою болып табылатын техникалық қолдау қызметі құрылады.

18. Техникалық қолдау қызметі өз қызметі шеңберінде өтінімдерді қабылдауды және өңдеуді, ақауларды анықтауды және жоюды, жаңартуларды жүргізуді, оларды

енгізу алдында жаңа функцияларды тестілеуді, сондай-ақ инциденттерге мониторинг жүргізуді және олардың қайта пайда болуына жол бермеу мақсатында туындаған ақауларды талдауды қамтамасыз етеді.

19. Техникалық қолдау:

1) жұмыс уақытында: жұмыс күндері Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін - техникалық қолдау қызметінің операторымен тікелей өзара іс-қимыл режимінде және өтініштерді дереу өңдейді;

2) жұмыс уақытынан тыс, сондай-ақ демалыс және мереке күндері - жұмыс уақытында өңделетін дауыстық хабарламаларды қалдыру арқылы, олар жұмыс күні ішінде өңделеді;

3) жұмыс уақытында өңдеумен тәулік бойы - электрондық пошта арқылы;

4) демалыс және мереке күндері электрондық пошта арқылы қалдырылған өтініштер келесі жұмыс күні ішінде өңделеді.

20. Қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында техникалық қолдау қызметіне телефон арқылы барлық өтініштер жазылуға жатады.

21. Телефон арқылы жүргізілген әңгімелердің жазбалары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңделеді (жинақтау, сақтау, пайдалану, беру, жою);

2) даудың туындаған жағдайларын қоспағанда, сақтау мерзімі аяқталғанға дейін 1 жылдан артық сақталмайды, даудың туындаған кезінде жазбалар ол толық шешілгенге дейін сақталады;

3) сақтау мерзімі өткеннен кейін жойылуға жатады және жойылған факті міндетті түрде тіркеледі.

22. Электрондық платформада техникалық және профилактикалық жұмыстар жүргізілген жағдайда, Электрондық платформаның әкімшісі платформаны пайдаланушыларды хабардар етеді.

23. Электрондық платформаны пайдалану процесінде туындайтын техникалық іркілістер оның жұмыс істеуіне әсер ету дәрежесіне байланысты деңгейлер бойынша жіктеледі:

1) жоғары деңгей - жұмыс уақытында Электрондық платформаның барлық пайдаланушылары үшін платформаның толық қолжетімсіздігіне әкелетін бағдарламалық қамтамасыз етудегі және (немесе) серверлік жабдықтағы іркілістер;

2) орташа деңгей - жұмыс уақытында Электрондық платформаның барлық пайдаланушылары үшін платформаның негізгі функционалдық бөлімдерінің жұмысын бұзатын іркілістер;

3) төмен деңгей - платформаның негізгі функцияларына әсер етпейтін немесе белгіленген жұмыс уақытынан тыс болған іркілістер.

4) Техникалық істен шығу деңгейін техникалық қолдау қызметі айқындайды.

25. Техникалық іркіліс туралы ақпарат болған кезде пайдаланушы күні мен уақытын, байланыс деректерін және қоса берілетін растайтын құжаттарды көрсете отырып, Электрондық платформада көрсетілген электрондық поштаға хабарлама жіберу арқылы техникалық іркіліс анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Электрондық платформа әкімшісін хабардар етеді.

26. Электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайда, пайдаланушы Электрондық платформада орналастырылған байланыс деректеріне сәйкес телефон арқылы Электрондық платформа әкімшісін жедел хабардар етеді.

27. Электрондық платформаның әкімшісі техникалық іркілістің болуын растау немесе теріске шығару мақсатында алынған ақпарат пен материалдарға (оның ішінде экрандық суреттер мен өзге де электрондық құжаттарға) талдау жүргізеді.

28. Техникалық іркіліс белгілері болмаған жағдайда Электрондық платформаның әкімшісі өтініш жіберілген пайдаланушыны хабардар етеді.

29. Техникалық ақау расталған кезде Электрондық Платформа әкімшісі:

1) техникалық іркілістің себептері мен салдарын анықтау және жою жөнінде шаралар қабылдайды;

2) техникалық іркіліс пайда болу және (немесе) оның жұмыс қабілеттілігіне әсер еткен жағдайда оны жою фактісі бойынша пайдаланушыларды хабардар етеді;

3) егер мұндай істен шығу Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес өтінімдерді қабылдау аяқталған күні болған жағдайда, жобаларды және өнім берушілерді іріктеу, энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде шарттар жасасу, және сатып алуға қатысуға өтінім беру мүмкіндігіне ықпал өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімін техникалық ақау жойылған күннен кейінгі жұмыс күніне дейін ұзартады. Бұл ретте Электрондық платформаның әкімшісі қабылданған шешім туралы пайдаланушыларды хабардар етеді;

4) Электрондық платформа техникалық іркіліс кезеңінде пайдаланушы қалыптастыратын сатып алу хаттамаларын, хабарландыруларды және өзге де хаттамаларды автоматты түрде қалыптастырған жағдайда, мұндай хаттамалардың күші жойылады;

5) сатып алу қорытындыларының нәтижелеріне техникалық іркілістің әсер ету фактісі анықталған жағдайда, Электрондық платформаның әкімшісі осы факті туралы пайдаланушыларды хабардар етеді. Бұл ретте конкурс Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде шарттар жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен өтпеді деп танылады;

6) әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) техникалық іркіліс себебі бойынша сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізу туралы шешім

қабылданған жағдайда, Электрондық платформаның істен шығуы туралы тиісті акт бекітілгеннен кейін Электрондық платформаның әкімшісі пайдаланушыларды осы факт туралы хабардар етеді. Мұндай шешімнің күші Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде шарттар жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.

3-тарау. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

30. Электрондық платформаның жұмыс істеуінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және ақпаратты қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Электрондық платформаға қол жеткізу криптографиялық қорғау құралдарын қолдана отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

31. Уәкілетті тұлғалардың Электрондық платформаға қол жеткізуі уәкілетті тұлғаның бірінші басшысының ЭЦҚ-сымен растала отырып, ол уәкілеттік берген қызметкерлердің рөлдері мен Электрондық платформада жұмыс істеуге қол жеткізу құқықтарын тағайындай отырып беріледі.

32. Электрондық платформаны пайдаланушылардың барлық іс-қимылдары Электрондық платформада тіркелуге жатады.

33. Платформа пайдаланушыларының қолжетімділігін тіркеу журналдарының деректері қорғалған ортада сақталады және ішкі аудит үшін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары жағдайында талдау жүргізу үшін пайдаланылады.

34. Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруға құрылымдық өзгерістер енгізілген жағдайда (жаңа процестер мен міндеттерді енгізуді, уәкілетті тұлғаларды ауыстыруды қоса алғанда), өнеркәсіп және құрылыс саласындағы уәкілетті орган Электрондық платформаны пайдаланушылардың рөлдері мен қол жеткізу құқықтарын өзектендіруді ұйымдастырады.